«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сейсенқұл Өміржанның «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	**Сейсенқұл Өміржанның** «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «**ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы**» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертант Ө.Сейсенқұл өз зерттеуі барысында қазақ әдебиеттануының Абайтану саласына елеулі үлесін қосып, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасының ҚХР қазақтарына жету жолдары мен ауызша, жазбаша таралу сипаты, баспасөз беттерінде белсенді жарық көруі, аударылу мәселесі, тарихы мен тәжірибесі, ҚХР-дағы Абай шығармаларының ғылыми сипатта зерттелуі, ондағы әдебиеттің дамуына әсері, Қазақстан және Қытай халықтары арасындағы рухани байланыстағы ақын шығармашылығының атқарған мәні туралы талдап, аталған жұмыстың ғылымға маңыздылығын толық ашқан. Зерттеуші Абай Құнанбайұлының рухани мұрасының Қытай қазақтары арасына XIX ғасырдың соңында тарала бастауы (21-22-бет) жөніндегі зерттеушілердің тарихи деректерімен дәйектеген. Атап айтқанда, 1930 жылдан бастап газет-журналдарда жариялана бастаған Абай өлеңдерінің әсерінен туған жаңа зерттеу мақалалары, ҚХР-да белсенді жарық көрген Абай шығармалары мен абайтану саласындағы зерттеу еңбектерінің, абайтанушылардың зерттеу мақалаларының сипаты туралы тұжырымдарға талдау жасаған. (26-37-бет). Диссертант Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай тіліне тәржімалануы, бұл процеске атсалысқан аудармашылардың еңбектері мен шығармалардың аударылу кезеңдерін жүйелеп, хронологиялық ретпен таладп, қарастырған. Ақын өлеңдері мен поэмаларының қытай тіліне аударылуында маңызды рөл атқарған Қабай мен Әкбар Мәжитұлының еңбектерін жан-жақты талдаған. Сонымен қатар Әкбар Мәжитұлы мен Уаң Мыңның Абай шығармашылығы туралы жазған және аударған еңбектерінің түпнұсқалары

			ұсынып, солар арқылы Абай туындыларының алғаш рет аударылған кезеңін көрсеткен. (43-51-бет) Абай шығармалары жайлы ҚХР-дағы ғылыми, салыстырмалы зерттеулер, атап айтқанда Құрманәлі Оспанұлы, Жақып, Әуелқан, Нәбижан, Болантай, Нығмет секілді ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ Қабайдың «Абай туралы зерттеулері» мен Чын Чындуңның «Абай– Қазақ даласының темірқазығы» атты монографияларының ғылыми-танымдық мәні зерделенеді. ҚХР-дағы «Кітап білім қор қамбасы» (中国知网) сайты арқылы Абай туралы жазылған мақалалардың саны анықтап,, оның ішінде докторлық диссертациялардың саны 140, магистрлік диссертациялардың саны 536 екендігін нақты көрсеткен. Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелу мәселесінде Лу Сюн мен Конфуций шығармашылығының Абай шығармашылығымен өзара байланысы мен ұқсастықтарын талдап, ұстанымдарын салыстырмалы түрде зерттеген. Абай, Конфуций және Лу Сюнның шығармашылық мұраларының әдебиет пен өнерде ерекше орын алатындығы, олардың рухани мұрасының халықтардың мәдениеті мен қоғамының дамуына қосқан үлесін ғылыми түрде дәйектеген. (60-91-бет) Докторант Абай шығармаларының Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін, екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланысты ғылыми тұрғыда дәлелдеп, нақты тұжырымдар жасаған. (98-111-бет) Осы аталған зерттеу нәтижелері әдебиеттану ғылымының абайтану саласын дамытуда айтарлықтай үлес қоса алады және маңызды деп санаймыз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	

		1) жоғары;	Ізденуші диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Сейсенқұл Өміржанның өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертациясынан жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік сыни ойлай білуі анық аңғарылады. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған.
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация тақырыбы абайтану ғылымы саласындағы жаңа ізденістер аясында нақты дереккөз ретінде және Абай шығармаларының Қытай қазақтары арасында таралуы, сақталуы, баспадан жарық көруі, аударылуы мәселелері, олардың әлеуметтік-мәдени көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына рухани тірек болуымен, Абай мұрасын зерттеп-зерделеуімен, олардың әдебиеті мен мәдениетіне әсері, екі ел қазақтарының тарихи тамырластығын айқындап көрсетуі, ұлттық бірегейлік, рухани-мәдени сабақтастығының өзара байланысын зерттеуімен өзекті.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (7-8 беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да Абай шығармашылығының Қытай қазақтарының рухани-мәдени өркениеттік кеңістігін қалыптастырудағы орны мен үрдістерін әдеби, тарихи
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдау аспектісінде зерттеуге бағытталған. Ізденуші тақырыпты ашу үшін кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ғылыми еңбектерді, қолжазбаларды мүмкіндігінше толық қамтыған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Ізденуші Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен Абай шығармашылығының ондағы қазақ руханиятының өрлеуіне қосқан үлесін саралау, Абайдың руханияттық мұрасының зерттелуіне талдау жасау; Абай мұрасының Қытайдағы өзге ұлттар тіліне аударылуы туралы талдау жасау, Абай мұрасының ұлт қабілеттілігін арттырудағы рөлін анықтау, Абай мұрасы арқылы екі ел қазақтарының тарихи тамырластығын айқындап көрсету, ұлттық бірегейлікті сақтауды дәріптеу деп қойған мақсатына толықтай жеткен. Осы мақсатқа жету жолында төмендегідей міндеттерді толық орындаған: – Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмір жолын Қытайдағы зерттеуші-ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізінде тың деректермен толықтырулар жасаған; – Абай шығармаларының Қытайдағы таралу, насихатталу жолдарын айқындаған; – Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруінің бастау көзі мен жарық көру кезеңдерінің ерекшеліктерін саралаған; – Абай шығармашылығындағы тағылымдық идея мен Абайдың адам тәрбиелеу ісі, мәдени-рухани ағартушылық идеяларының сипаттарын зерделеген; – Қытайдағы абайтанушылардың зерттеу еңбектерінің ғылыми мәнін тұжырымдаған Аталған мақсаттар мен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста

			нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар логикалық біртұтастықты құрайды. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, 4 тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (9-37 беттер) Абай мұрасының ауызша, жазбаша таралуы және баспасөз беттерінде жарық көруі аспектілеріне теориялық тұрғыдан тоқталған. Келесі бөлімде Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай тіліне тәржімалануы, бұл процеске атсалысқан аудармашылардың еңбектері мен шығармалардың аударылу кезеңдері жүйеленіп қарастырылып, қытай тіліне аударылу үдерісі тарихи кезеңдерге сәйкес хронологиялық ретпен талдау жасаған. Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелу мәселесі қарастырылып, Лу Сюн мен Конфуций шығармашылығының Абай шығармашылығымен өзара байланысы мен ұқсастықтары талданады. (38-50 беттер) Абай шығармаларының Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, нақты тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, Қытай қазақтары қоғамында Абай мұрасының оқу-ағарту саласындағы қызметі, сондай-ақ бастауыш және орта мектеп оқулықтарына енген өлеңдері анықталды. (51-96 беттер)
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			Абайды зерттеу ісінің және абайтану ғылымының Қытай қазақтары арасындағы даму деңгейі, екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстар сараланады. Абай мұрасының XXI ғасырда ҚХР-да таралуы, зерттелуі мен дәріптелу үрдістері, оған үлес қосып жүрген тұлғалардың есімдері нақтыланып, қазақ әдебиетінің Қытайда дамуына нақты мысалдар арқылы дәлел келтіріліп, ғылыми тұжырымдалады. (98-114 беттер) Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық тұрғыда жүйелене байланысқан. Жұмыс барысында қолданылған әдістемелер мен әр бөлімнен алынған тұжырымдар бір-бірімен үйлесімдікте толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеу жұмысы тақырыбының таңдалынуының өзі ізденушінің сыни көзқарасын анық көрсетеді. Сейсенқұл Өміржанның өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, ҚХР-дағы Абай шығармаларының ғылыми- салыстырмалы сипатта зерттелуі, ҚХР-да таралуы, ондағы әдебиеттің дамуына әсері, аударылуы, баспадан жарық көруі, рухани әсері, т.б. мәселелері жайында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған. Абай мұрасының Қытай қазақтарына алғашқы жету жолдары, Қытайда алғаш рет баспасөз беттерінде жарық көру жолдарына қатысты өзінің сыни пікірі (52-бет) Қытай қазақтарының Абайды ғылыми тұрғыда зерттеудің кеш басталғаны, XX ғасырдағы 10 жылдық «мәдениет зор төңкерісі» аяқталғаннан кейін Абайды зерттеу жұмысы реформалау қадамына ілесіп, жүзеге

			асыруда Абайды шығармаларын танытудағы алғашқы тұлғалар Құрманәлі Оспанұлы, Жақып, Әуелқан, Нәбижан, Болантай, маркұм болып кеткен Ныгмет секілді зерттеушілердің еңбектерін талдаулары автордың шешімдерінің өзіндік сыни талдауға негізделгенін анық танытады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ізденушінің диссертациясында қалыптастырылған әрбір ғылыми нәтижесінің (тұжырымдары), шешімдері толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Ізденушінің диссертациясындағы қорытындыларын толығымен жаңа деуге болады: Бірінші жаңалығы – Абай мұрасының Қытай қазақтарына алғашқы жету жолдары талданды; Екінші жаңалығы – Абай мұрасының Қытайда алғаш рет баспасөз беттерінде жарық көру жолдары арнайы сөз болды; Үшінші жаңалығы – Абай мұрасының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны және екі елдегі қазақ жұртының рухани-мәдени сабақтастығының негізі екендігі айқындалды; Төртінші жаңалығы –қазақ руханиятының дамуына үлес қосқан Абайдың рухани мұрасының зерттелуіне хронологиялық талдау жасалды; Бесінші жаңалығы – салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан әртүрлі тарихи және мәдени ортадан шыққан үш ұлы ойшыл мен жазушы– Абай Құнанбаев, Конфуций және Лу Сюннің ой өзегі, жазу стилі және қоғамға ықпалы салыстырылды; Алтыншы жаңалығы – Абайдың даналық танымының ұлттық рухани ой-сананың дамуына тигізген әсері
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			жүйеленіп, Қазақстандағы және ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы ақын шығармашылығының негізгі рөлі деректі мысалдармен дәлелденді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Бұл зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді кажет етпейді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған төмендегідей тұжырымдамалары дәлел бола алады: – Абайдың поэзиясы әдеби тұрғыдан қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үлкен мұра болып табылады. Оның шығармалары қазақ халқының ұлттық болмысын, этикалық және эстетикалық құндылықтарын дәріптеді – Қытайдағы қазақтар үшін Абай шығармашылығы ұлттық сана мен тілдің сақталуына ықпал етті. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді көрсетуге мүмкіндік берді – Абай шығармашылығының таралуы мен қабылдануы Қытай қазақтары арасында тарихи тұрғыдан маңызды үрдіс болды. – Кеңестік кезеңде Абайдың шығармалары қатаң цензураға ұшыраса да, Қытайдағы қазақтар үшін оның туындылары ұлттың рухани тәуелсіздігін іздеуде және мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқарды. – Абайдың шығармалары Қытай қазақтарының әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамуына зор ықпал етті. Оның философиясы мен ойлары, білім, теңдік,

			адамгершілік сияқты құндылықтары, Қытайдағы қазақтар арасында жастардың білім алуына, әлеуметтік дамуына және ұлттық мәдениетті сақтауға ұмтылыстарын нығайтты. Абайдың шығармалары қазақтардың мәдени идентификациясы мен ұлттық санасының қалыптасуына үлкен әсер етті.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. 1-тұжырымда Абай Құнанбайұлы шығармаларының ҚХР-дағы ауызша және жазбаша таралу жиілігі мен сипаты нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. 2-тұжырымда Абай Құнанбайұлы шығармаларының аударылуы және оған үлес қосқан қаламгерлер мен ізін жалғастырушы тұлғалардың еңбектері, атқарған жұмыстары дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. 3-тұжырымда Абай шығармаларының ҚХР қазақтары арасында баспасөз беттерінде жариялануы мәселесі сараланып нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. 4-тұжырымда ақын шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі анықталып, дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. 5-тұжырымда Абай шығармалары мен қытай қазақтары ішіндегі ақындардың шығармашылығы және туындылары салыстырмалы сипатта талданып дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	

		2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия**; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	6-тұжырымда ақын шығармаларының ҚХР-да таралу мәселесі хронологиялық жүйе негізінде анықталып, тарихи деректер аясында жүйеленген **7.5** Диссертация мазмұны бойынша халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 5 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 6 мақаланың басылуымен расталады.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған. Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер –деректерді жинақтау, талдау, сараптау, жіктеу, мәтінтану, тарихи-салыстырмалы әдіс, биографиялық әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия**;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің әдістеріне сәйкес өңделіп интерпретацияланған. Бұл зерттеудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және ол толық екі бөлім арқылы расталған (38-96 беттер). Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай тіліне тәржімалануы, бұл процеске атсалысқан аудармашылардың еңбектері мен шығармалардың аударылу кезеңдері жүйеленіп, аударылу үдерісі тарихи кезеңдерге сәйкес хронологиялық ретпен талданды. (38-50-бет) Абай мұрасының зерттелуі, шығармаларының Лу Сюн мен Конфуций шығармашылығымен өзара байланысы мен ұқсастықтары жеке тұлға, қоғаммен байланыс, білім мен әлеуметтік мораль, ғылым мен техникаға қатысты ұстанымдары салыстырмалы зерттеулермен дәлелденген. (52-96-бет)
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен растаған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: Ә. Қалиұлы, Қ. Мәнжібаев, А. Ахметова, С. Бейлұр, Д.

			Жайлыбай, А. Жүнісбаев, Ө. Қанай, Д. Махат, Н. Әнуәшұлы, Ж. Мырзақанұлы, Су 5 Чжоушион, Ә. Мәжитұлы, Б. Досжанұлы, Н. Бейбітқызы, А. Әбеу, Т. Қашқынұлы, Б. Наукенұлы, Қабай (сібе ұлты), З. Нұрсапаұлы, Д. Мәсімханұлы, М. Разданұлы, Ә. Найманбаев, Қ. Арабин, Лу Син (鲁迅), Чэнь Шимин(陈世明), ЧжэнЧжэндун(郑振东),ӘкбарМәжит(艾克拜尔·米吉提), Сун Хункай （孙宏开), Мұхаттар Мұбарәк (木哈塔尔·木巴热克), Ло Янь (罗 艳), Кон Вэньсюн (孔文迅)
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қоса санда 97 дереккөз атаулары бар. Сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар**; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыста ҚХР-дағы қазақ қоғамындағы ақын шығармаларының таралуы, аударылуы, басылуы, оқырман мен ақындардың жаңа легіне әсері анықталған. Зерттеуде тарихи дерек негізінде ақын шығармаларының қытай қазақтары ортасында таралу кезеңі нақты деректермен негізделген. ҚХР-да таралуы, олардың аударылуы тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерделеніп, Абай дәстүрін жалғастырушылар шығармаларын поэтикалық және құрылымдық негізде талданып, жаңа стильдік ерекшеліктер мен тілдік айшықтар теориялық тұрғыда тұжырымдалады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді теориялық сипатта тұжырымдап, қазақ әдебиеті негізінде дәйектеуге мүмкіндік береді. Абай шығармашылығының Қытай қазақтарының рухани-мәдени өркениеттік кеңістігін қалыптастырудағы орны мен үрдістерін әдеби, тарихи және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдауға қатысты зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушылар, тарихшылар, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарының зерттеулерінде, әдебиеттану, абайтануға қатысты арнайы және қосымша курстардың семинар сабақтарында көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың әр тарауы мен тұжырым, қорытындыларында кездесетін практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері әдебиеттану, абайтану пәндерінің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Ізденуші тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып, ҚР ҒЖБМ талаптарына сай академиялық жазу сапасының жоғары екенін байқатты.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда стильдік, техникалық қателер кездеседі. Алайда мұндай қателер зерттеудің ғылыми мазмұны мен теориялық маңызына нұқсан келтірмейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация нәтижелері 12 ғылыми мақалада жарияланды: біреуі Scopus базасына кіретін ғылыми журналда, бесеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, алтауы Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында жарияланған. Әр жарияланымының ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сейсенқұл Өміржанның «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, ізденушіге философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.

Ресми рецензент: Сейсенқұл Өміржанның «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы»

филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің
қауымдастырылған профессоры Отарова А.Н.